



ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ ЖӨНІНДЕ

Қазақстан және Түркия Республикалары бірлесіп құрған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты стратегиялық зерттеу орталығы ретінде құрылған Еуразия ғылыми-зерттеу институтының негізгі міндеті – жалпы алғанда Еуразия аймағындағы, атап айтқанда түркітілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени оқиғаларға жігі назар аударып, оларға қатысты тың зерттеулер жүргізу және стратегиялық ұсыныстар әзірлеу.

Институт, Алматы қаласында құрылды. Мұның бірнеше өзіндік себептерін атап өтуге болады. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы астанасы Алматы – қазіргі таңда елдің ең үлкен мегаполисі және Орталық Азияның ең маңызды, жанданған экономикалық, әлеуметтік-мәдени орталықтарының бірі. Сондай-ақ, географиялық тұрғыдан Қытай, Қырғызстан және Өзбекстан тәрізді аймақтың маңызды елдерімен айналысатын жақын орналасқан және қалада көптеген ғылыми шаралар жүзеге асырылады. Кеңес Одағы мен Югославияның ыдырау үдерістерінен кейін Еуразия аймағы қарқынды өзгерістер мен трансформация үдерісін бастан өткерді. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізіп, қысқа мерзім аралығында мемлекеттік құрылымдарын қалыптастыру жетістігін көрсетті және аталмыш елдердің әрбірі аймақтың маңызды ақтарына айналды. Түркия, осы трансформация үдерісінің бастапқы кезеңінен бастап Орталық Азия түркі мемлекеттеріне белсенді түрде қолдау көрсетіп, тиімді ықпалдастық платформаларын құруда маңызды рөл атқарды. Білім беру ісі де осы ынтымақтастық салаларының бірі болып табылды. Қазақстан да, мемлекеттің негізін қалаушы тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дарынды басшылығының арқасында, аймақтың ең жылдам дамып келе жатқан мемлекеттерінің бірі ретінде білім беру саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және оған қарасты Еуразия Ғылыми-зерттеу институты да бауырлас екі елдің ұштасқан ұлы мұраттарының нақты нәтижелерінің бірі.

Институттың негізгі мақсаты – жалпы алғанда Еуразия аймағына, атап айтқанда түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтарға қатысты тың зерттеулер жүргізу және стратегиялық ұсыныстар әзірлеу – деген ұстанымда болса, міндеті – экономика, қаржы, энергетика, халықаралық қатынастар, қауіпсіздік, көлік, технология, білім беру, мәдениет, өнер, тіл білімі, дін, философия, әлеуметтану, саясат, тарих, археология және экология саласы бойынша халықаралық деңгейде танымал ғылыми-зерттеу орталығы болу – деп Институттың Ережесінде айқын көрсетілген. Осы мақсат пен міндеттер аясында Еуразия Ғылыми-зерттеу институты, алғаш құрылған күннен бастап қазірге дейін, ғылым мен ақпарат өндіру, идеология мен саясаттан алыс ұстанымда ғылыми сараптамалар жасау арқылы Еуразия аймағындағы проблемаларға байланысты ақылға қонымды шешімдер шығаруға өз үлесін қосуға тырысууда.

Еуразия ғылыми-зерттеу институты ғылыми жұмыстардың жариялануына аса көңіл бөледі және осы бағытта түрлі мерзімдер аралығында төрт тілде басылымдар шығарып келеді.

Әр апта сайын халықаралық қатынастар, қауіпсіздік, экономика, қаржы, энергетика және мәдениет салалары бойынша жаңалықтарды қамтитын *хабар бюллетені* үш тілде (ағылшын, қазақ және түрік) дайындалуда. Ай сайын *«Азия Еуропа»* атты журнал жарияланады. Мазмұны төрт тілдегі (ағылшын, қазақ, орыс және түрік) мәліметтерді қамтитын журналда сұхбаттар, инфографикалар, аналитикалық мақалалар және пікірлермен қатар, институттың іс-шаралары туралы да мағлұматтар беріледі. Сонымен қатар, институт, алты ай сайын *«Eurasian Research Journal»* атты рецензияланатын ғылыми журнал шығаруды қолға алды. Журналдың қысқа мерзім ішінде беделді индекстерде орын алуы үшін тиісті жұмыстар атқарылуда. Тағы да Еуразиядағы маңызды мәселелерді қамтитын *«Outlook»* кітап сериясы да төрт тілде жыл сайын жарық көруде. Бұдан тыс, энергетикалық қауіпсіздіктен бастап қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне дейінгі түрлі салаларда кітап және ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялау да Институт тарапынан басымдылыққа ие жарияланымдардың қатарында. Қазіргі таңда басылымдарды жариялаумен қатар, олардың жаһандық деңгейде танымалдығы да маңызды мәселелердің бірі. Осы мақсатта Институт, Twitter, Facebook, Instagram, YouTube сияқты әлеуметтік медиа желілері мен төрт тілде қызмет көрсететін, заманауи және күнделікті жанарғылатын веб-сайты арқылы бүкіл әлемге танымал.

Түрлі категориялар бойынша жоғарыда аталып өткен ғылыми жұмыстардан бөлек, Институт ұйымдастыратын шаралар арасында әртүрлі тақырыптар бойынша семинарлар, ғылыми талқылар, конгресстер, конференциялар сияқты ғылыми жиындар бар. Осы тұрғыдан, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының кең ауқымды шараларының бірі ретінде екі жылда бір өтетін Экономика, қаржы және энергетика конгресі (EFE) қазіргі таңда құрылымды нақтыланып, мол қызығушылыққа ие платформаға айналып үлгерді. 2018 жылғы үшінші рет ұйымдастырылған EFE конгресіне 10-ға жуық елден мамандар қатысып, шамамен 70-ке жуық ғылыми баяндамалар жасалды. Сонымен қатар, 2018 жылы EFE конгресінің құрметті қонағы ретінде Нобель сыйлығының лауреаты, аты әлемге әйгілі түрік ғалымы Азиз Санжар қатысты. Конгресстің төртіншісі 2020 жылы өткізілмек.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының 2008 жылдан бері жарияланып келе жатқан және бүкіл әлемдегі стратегиялық зерттеу институттары түрлі критерийлер бойынша бағалайтын «Жаһандық стратегиялық зерттеу орталықтары индексіне» (Global Go To Think Tank Index Report) орын алғанын айрықша атап өту қажет. Мемлекеттер тұрғысынан Қазақстанның атынан индексте орын алған Институтымыз Қазақстанның ғылыми қабілетіне өзіндік үлесін қосуда. Институттың бұл жетістігі, сондай-ақ, Қожа Ахмет Ясауи университетінің де Қазақстанның ғылыми әлеуетіне қосқан маңызды үлесі болып саналады. Осы орайда, аталмыш индексте Қазақстанның атынан айналысатын зерттеу орталықтары орын алғанын атап өту қажет.

Институт алғаш рет 2018 жылдың басында жарияланған индексте орын алды. Әлем бойынша 7000-нан астам зерттеу орталықтары

арасында, категориялар бойынша тек 60 пен 150 үздік ұйымдардың тізбесі жасалған аталмыш 2018 жылғы индексте Институтымыз «Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат саласы бойынша ең үздік зерттеу орталықтары» және «Орта Азиядағы ең үздік зерттеу орталықтары» категориялары бойынша орын алды. 2019 жылы қаңтар айының соңында жарияланған индексте Институт үлкен жетістікке жетіп, тағы басқа екі категория бойынша ең үздік зерттеу орталықтары арасынан көрінді. Олар, «Интернетті үздік қолданатын зерттеу орталықтары» және «Әлеуметтік желіні үздік қолданатын зерттеу орталықтары» категориялары болса, бұларға қосымша, 2018 жылғы индексте орын алған категориялар бойынша әрбірінен 8 орынға ілгерілеп, жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Еске саларлық бір жайт, 2019 жылғы индекс тізімінде әлем бойынша 8000-нан астам зерттеу орталықтары бағаланып, олардың ішінен ең үздіктері ғана индекске ену мүмкіндігіне ие болған. Орташа есеппен алғанда әлемдегі зерттеу орталықтарының 98%-ы индекске кіре алмаған.

Институт жеткен осы жетістіктерде Қожа Ахмет Ясауи университеті басшылығының үлесі орасан зор екені айдан анық. Ұжымымызды ынталандырып жол көрсеткендері үшін Өкілетті кеңес төрағасы, профессор Мұса Йылдыз бастаған барлық Өкілетті кеңес мүшелеріне, Университет президенті, профессор Болатбек Абдралилов және ректор өкілі, профессор Жәніс Томағар, сондай-ақ, барлық вице-президенттерге алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар, құрылған күннен бастап Институттың жеткен жетістіктерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Университеттің барлық басшылары мен Институттың бұрынғы басшылары да құрметпен атап өткен орынды.

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, бауырлас екі ел қалыптастырған ортақ мүдде аясында қазіргі заманның соңғы үлгідегі техникалық мүмкіндіктермен пайдалана отырып, заманауи жабдықтармен жабдықталып құрылған. Конференция залдарынан бастап кітапханаға дейін, әрбір бұрышта Институттың құрылуындағы осы биік мүдде мен инфрақұрылымды байқауға болады. Заманауи және барлық қажеттіліктер ескерілген ғимарат Институттың өнімді жұмыстар атқаруына септігін тигізуде. Сондай-ақ, орталықтардың осы сияқты жетістіктерінде «моральдық мотивация» және «энтузиазм» сияқты рухани тұстар да маңызды, тіпті аса қажетті алғышарттардың бірі десек болады. Себебі, өз жұмысын сүйіспеншілікпен атқаратын білікті мамандар мен онтайлы жұмыс ортасы бар орталықтар табысқа қол жеткізе алады. Міне, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының 2014 жылдан осы күнге дейінгі кезеңінде аталмыш моральдық фактор ең маңызды рөл атқарды.

Қорыта келгенде, Еуразия ғылыми-зерттеу институты жетістіктің үлгісі болуға ұмтылды және көптеген табысты қырлары арқылы үлгі тұтарлық бір мекеме ерекшелігіне ие. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Қазақстан ғылымына өзіндік үлесін қосып келе жатқан Институт, Еуразия аймағындағы бейбітшілік, тұрақтылық пен өркендеуге үлес қосу мақсатында алдағы уақытта да дәл бүгінгідей өз қызметін жалғастыра бермек.

Жазушы: Вакур Сүмер,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Молдовадағы парламенттік сайлау бұрынғы тәжірибе бойынша жүзеге асырылатын пропорционалды жүйенің орнына аралас дауыс беру жүйесі бойынша алғаш рет өткізілді. Тәуелсіз үш үміткерден бөлек, Социалистік партия (35 орын), Демократиялық партия (30), АСУМ блогы (26) және Шор партиясы (7) сияқты төрт партияның өкілдері 101 мүшеден тұратын парламентке сайланды.
- Әзірбайжанға ресми сапары барысында Грузия Президенті Саломе Зурабишвили Президент Ильхам Алиевпен және басқа да әзірбайжандық лауазымды тұлғалармен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен келешегін, соның ішінде көлік және энергетикалық жобаларды жүзеге асыру және сондай-ақ Оңтүстік Кавказдағы жағдайды талқылады.
- Брюссельде өткен Еуропа Одағы (ЕО)-Әзірбайжан ынтымақтастық кеңесінің 16-отырысында тараптар көлік және энергетика саласы бойынша өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, бүгінгі жағдай мен проблемаларды есепке ала отырып, 1996 жылғы Серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің орнын басуы тиіс Екіжақты әріптестік туралы жаңа келісімге қатысты мәселелер қаралды.
- АҚШ Мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісінің бірінші орынбасары Элис Уэллс Қырғызстан мен Өзбекстанға сапарлай барды. Уэллс Бішкекте Қырғызстанның жоғары лауазымды шенеуніктерімен келіссөздер жүргізіп, Орталық Азиядағы Америка университетіне барды. Ташкентте ол Өзбекстанның жоғары лауазымды тұлғаларымен кездесіп, АҚШ-Өзбекстан екіжақты жылдық консультацияларына қатысатын АҚШ мемлекеттік ведомствоаралық делегациясын басқарды.
- Ашхабадта Каспий теңізіндегі биологиялық ресурстарды заңсыз өндіруге (браконьерлік) қарсы күрес жөніндегі хаттаманың жобасын талқылау мақсатында Каспий маңындағы мемлекеттердің өкілетті өкілдерінің төртінші кездесуі өтті. Бұдан бөлек, Түркіменстан астанасында Каспий теңізіндегі навигацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық туралы хаттама жобасын талқыға салатын жағалау мемлекеттерінің бесінші кездесуі де өтті.
- Түркия Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглу берген мәліметке сай, Түркия, Әзірбайжан және Қазақстан арасында Түркия-Әзірбайжан-Грузия және Түркия-Әзірбайжан-Түркіменстан сияқты аймақта бұрыннан қалыптасқан форматтарға ұқсас үшжақты ынтымақтастық форматы қалыптастырылуы мүмкін. Министр, елдер арасындағы өзара ынтымақтастық бұл түрі олардың экономикалық және саяси дамуына ықпал ететінін атап өтті.
- Пекинде өткен төртінші Стратегиялық консультациялық кездесуі барысында Қытай мен Монғолия сыртқы саяси ведомстволарының делегациялары екі ел арасындағы қарым-қатынастардың қазіргі жағдайына баға беріп, аймақтық мәселелерді талқылады және екіжақты саяси, сауда-экономикалық келісімдердің жүзеге асырылуы барысын қарады.

Экономика, қаржы және энергия

- Әзірбайжан үкіметінің шенеуніктері мен кәсіпкерлерден құралған делегация Әзірбайжан-Қытай үкіметаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық комиссиясының 7-отырысына қатысу үшін Қытайға барды. Тараптар сауда және инвестиция, энергетика, ақпараттық байланыс технологиялары, ауыл-шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігі, транспорт байланысы, техникалық көмек, туризм, мәдениет, жастар және білім беру салалары бойынша ынтымақтастықты кеңейту мәселелерінің келешегін талқылады.
- Бакуде өткен кездесуі барысында «Әзірбайжан Каспий теңізі кеме қозғалысы» мен «Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамы («ҚТЖ» ҰК» АҚ) Каспий теңізі арқылы жүк тасымалының көлемін ұлғайтуға байланысты ынтымақтастық жөнінде жұмыс тобын құруға келісті. Атап айтқанда, тараптар, Транскаспий Халықаралық Тасымалдау бағытымен (Trans-Caspian International Transport Route) қатар Каспий теңізі мен Әзірбайжан территориясынан өтетін тасымалдау жолдарын да талқылады.
- Түркияның энергетика, құрылыс, дизайн, ақпараттық технологиялар, туризм, химия өнеркәсібі, көлік және логистика салалары бойынша алдыңғы қатарлы компанияларының өкілдерінен тұратын Түрік іскерлерінің делегациясы Өзбекстанға келді. Өзбекстан Сенаты, Сауда және өнеркәсіп палатасы және Түркияның Тәуелсіз өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер қауымдастығы (MUSIAD) бірлесіп ұйымдастырған сапар барысында тараптар, сауда, инвестиция және кәсіпорындар арасында ынтымақтастықты нығайту мүмкіндіктеріне тоқталды.
- Өзбекстан Энергетика министрлігі мен АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі (USAID), Өзбекстанның энергетика саласына қолдау көрсету туралы ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Құжатқа сәйкес, тараптардың серіктестігі – энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін қолдану және Өзбекстанның Орталық Азия энергетикалық нарығындағы үлесін арттыру жобаларын жүзеге асыруды көздейді.
- Түркіменстан мен Оңтүстік Корея, Сеулде өткен Сауда-экономика және ғылым мен технологиялық ынтымақтастық бойынша бірлесу үкіметаралық комиссияның 7-отырысын өткізді. Аты аталған негізгі салалармен қатар, қаржы, энергетика және минералды шикізат, құрылыс және көлік тасымалы, ауыл және балық шаруашылықтары, мәдениет, туризм, денсаулық сақтау, стандарттау, ақпараттық байланыс технологиялары және білім беру салаларының перспективалары талқыланды.
- Брюссельде өткен ЕО-Түркіменстан бірлескен комитетінің 18-отырысында тараптар, екіжақты ынтымақтастық, сауда, экономикалық реформалар, сондай-ақ заң үстемдігі мен адам құқықтары саласы бойынша 2018 жылы жеткен жетістіктерді қарастырды. Әріптестер Түркіменстан газын Еуропаға тасымалдау әлеуетіне баға беріп, өзара энергетикалық ынтымақтастықты нығайту міндетін алды.

Қоғам және мәдениет

- Алматыда өткен «Дүлей апаттардың алдын алу жобаларын қаржыландыру» деп аталатын аймақтық форумда Орталық Азияның бес елінен келген саясаткерлер мен апаттық қауіптердің алдын алу жөніндегі сарапшылар климаттың өзгеруіне байланысты дүлей апаттардың қауіптеріне қарсы қаржылық қорғауды жақсарту жолдарын талқылады. Соңғы отыз жылда табиғи апаттар аймақта 10 млн. астам адамға залал келтіріп, экономикалық шығын 2,5 млрд. долларға жетті.
- Биылғы жылы Халықаралық Аралды құтқару қорын басқаратын Түркіменстан Арал теңізі бассейні үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) арнайы бағдарламасын әзірлеу бастамасын ұсынды. Бағдарлама барлық мүдделі тараптардың кеңінен қатысуымен Арал теңізі дағдарысын шешуге және өңірдегі экологиялық жағдайдың жақсаруына кешенді тәсілді қамтамасыз етуге арналған.
- Өзбекстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы кеңесі Қарақалпақстанның орман шаруашылығы комитетіне, сондай-ақ, Өзбекстанның құрғақшылыққа ұшыраған аудандарында климатқа бейімді шаруа қожалықтарын құруға бағытталған жоба шеңберінде құрылған жергілікті жайылымдық кооперативтерге ауыл шаруашылығы техникасын тапсырды. Жабдық Арал теңізінің құрғап қалған табанында ормандарды мелiorациялау жұмыстарына жұмсалды.
- Қазақстан Мальта және Франциямен бірге Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде өткізілген Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуы мәселелері бойынша БҰҰ Достар тобының алғашқы кездесуіне төрағалық етті. Отырысқа БҰҰ-ға мүше 40-қа жуық мемлекеттің, БҰҰ Балалар қорының, Дүниежүзілік банктің және түрлі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.
- Өзбекстан Ұлттық олимпиада комитеті берген мәлімет бойынша, Өзбекстан 2030 жылғы XXI Азия ойындарын өткізуге Қатар, Үндістан және Филиппинмен бірге үміткер ретінде өтініш білдірген. Азия Олимпиадалық кеңесінің делегациясы Ташкент және Самарқан қалаларындағы спорттық инфрақұрылымды тексеру үшін Өзбекстанға барып, елдің олимпиадалық ойындар өткізу мүмкіндігін бағалады.
- ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасинов бастаған делегация 2019 жылы Түркі әлемінің мәдени астанасы болған Ош қаласына сапарлай барды. Сапар аясында делегация жергілікті билік өкілдерімен кездесіп, Оштың мәртебесіне байланысты кең ауқымды мәдени шараларды өткізуде қолданылатын қала инфрақұрылымын зерттеді.
- 2018-2019 оқу жылында Грузияда 69 жоғары оқу орны (ЖОО) тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12 есе аз. Сегіз университет білім берудің сапа стандарттарына сәйкес келмеуіне байланысты мәртебесінен айрылған. ЖОО санының азайғанына қарамастан, Грузиядағы студенттердің саны 2,7%-ға артып, 147,7 мың адамға жетті, оның 12,200-ін шетелдіктер құрады.
- Туризм индустриясындағы маңызды шараларды жариялаумен айналысатын британдық жетекші журналдардың бірі Wanderlust, Лондонда өткізген марапаттау рәсімінде Өзбекстанды «Кемелденіп келе жатқан туризм бағыты» номинациясы бойынша жеңімпаз деп жариялады. Wanderlust Әлем гилдтері марапатының Түркім саласындағы жеңімпаздары түрлі номинациялар арасынан журнал оқырмандары тарапынан таңдалды.